

**Статья «Если у вас есть ключ,
вы можете получить
сертификат, не выходя из
дома»**

КІЛТІҢІЗ БОЛСА, АНЫҚТАМАНЫ ҮЙДЕН ШЫҚПАЙ-АҚ АЛУҒА БОЛАДЫ

Облыстық мемлекеттік архиві мекемесі «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметтерін көрсету бойынша «Ашық есік» күнін өткізді. Аталған іс-шараға орай өткізілген дөңгелек үстелді архив директоры Көсемәлі Сәттібайұлы ашып, келушілерге барлық көмек берілетінін айтты.

Есет ДОСАЛЫ

Іс-шара барысында облыс әкімдігі архивтер және құжаттама бөлімінің бас маманы Мария Жаңабаева қазіргі таңда заман талабына сай көпшілікке қызмет көрсету жеңілдегенін, электронды форматқа көшкенін айта келіп, қатысушыларды ашық пікірлесуге, белсенділікке шақырды. Мұнан соң «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ-ның облыс бойынша филиалының мамандары халыққа қызмет көрсету сапасы бойынша пікір білдірді. Атап айтқанда аталған филиалдың №1 бөлімінің маманы Бекболат Шайділдаев, №2 бөлімнің маманы Нұрбол Еділбай келушілерге барынша жылдам қызмет көрсетіп келе жатқандарына тоқталса, №3 бөлімнің басшысы Әмірхан Айтқұлұлы, №4 бөлім басшысының орынбасары



Айдар Сапаков қызмет көрсету барысында ешқандай кедергі жоқ екенін, тұрғындардың барлық сауалдарына жауап



беріп, мәселелерін шешіп беруге мүмкіндіктері молынан жететінін айтты. Тіпті, мамандардың айтуынша «Электронды үкімет» бағдарламасы халық арасына кеңінен таныла бастаған. Бүгінгі күні осы бағдарламамен әр тұрғын үйінде отырып-ақ, тіпті ұялы телефонына жүктеу арқылы да жеке басына қажетті барлық анықтаманы сұратып ала алады. Ол үшін әр азамат халыққа қызмет көрсету орталықтарынан немесе онлайн түрде «электронды кілт» (электронды цифрлық колтаңба) алса болғаны.

Дөңгелек үстел барысында бірқатар келушілер өз сұрақтарын қойды. Мәселен, Тараз қаласының тұрғыны Сәуле Есжанова туу туралы куәлігін жоғалтып алған. Мамандар бұл мәселенің оңай шешілетінін, архив мекемесінің мамандары түбірден анықтап беретінін жеткізді. Ал Жамбыл ауданы, Бектөбе ауылынан келген Қалдықұл Батырбекованың мәселесі күрделірек. Ол бұрын КСРО-ның уақытында бір мекемеде біраз жыл еңбек еткендегі еңбек кітапшасын жоғалтып алған, екінші еңбек кітапшасымен басқа мекемеде 20 жыл істеген. Енді зейнетке шығу үшін еңбек өтілінің толық болуын қалайды. Бұл мәселеге жауап берген Әмірхан Айтқұлұлы бұрын еңбек еткен мекеменің атауын білсе, архивтен құжаттарды тауып алуға болатынын, болмаса өзімен сол мекемеде бірге істеген адамдарды куәландыра отырып, сот арқылы шешуге болатынын айтты. Жиында мамандар өзге сауалдарға жауап берді.

0 получении архивных справок в газете «Ак жол «опубликована статья корреспондента Есета Досалы» если у вас есть ключ, справку можно получить не выходя из дома».